

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
TOM 80 НӨМІРІ 4(2025), 35-53

ӨОЖ 340.12
ҒТАМР 10.07.45
DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_4_35
Ғылыми мақала

© Р.С. Жалтырбаева^{1*}, А.Қ. Джангабулова², Ж.О. Тілембаева³, 2025

¹ Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

² Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

³ Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: ¹rauка8@mail.ru; ²arailym2205@gmail.com; ³zhanna.ot@mail.ru)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕФИНИЦИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

Аннотация. Берілген мақалада жасанды интеллект түсінігін анықтаудың әртүрлі тәсілдері қаралады және талданады, сондай-ақ цифрлық технологияларды дамыту саласындағы стратегиялық сипаттағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға шолу жасалады.

Өмірдің әртүрлі салаларында жасанды интеллекттің белсенді түрде енуі жағдайында «жасанды интеллект» заңды тұжырымдамасын әзірлеу және оны құқықтық актілерде бекіту мәселелерін қарастыру өте өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан процестер құқық ғылымы алдына жасанды интеллекттің дамуы жағдайында құқықтың рөлі мен оның құқықтық табиғатын жалпы теориялық тұрғыдан түсінуге байланысты бірқатар маңызды мәселелерді қойып отыр. Қазіргі таңда әртүрлі салаларда, соның ішінде құқықтық салада жасанды интеллектті енгізу мен пайдалану ерекшелігін зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты заң әдебиеттері мен нормативтік құқықтық актілерде жасанды интеллектті анықтаудың әртүрлі әдістерін талдау негізінде «жасанды интеллект» анықтамасын беру болып табылады. Авторлар қазіргі уақытта жасанды интеллект ұғымының біркелкі анықтамасының жоқтығын, бұл ұғымның халықаралық құжаттарда да, құқықтық ғылыми әдебиеттерде де нақты айқындалмағанымен байланыстырады. Зерттеу барысында жасанды интеллект түсінігін анықтаудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру жасанды интеллект технологияларын қолдану тәжірибелерінің жинақталуына және нормативтік құқықтық базаның дамуына қарай құрылатындығы анықталды.

Жасанды интеллектті жасау және қолдану саласында заңнаманың жетілдірілуі осы технологияның дамуының жалпы деңгейіне жағымды әсер етіп, еліміздің технологиялық дамуына ықпал етеді. Қазіргі таңда мемлекеттің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі жасанды интеллектті жасау және пайдалану бойынша заңнамаларды жетілдіру болып табылады. Бұл тұжырымдамалық-категориялық аппарат құруды, жасанды интеллект технологиясын қолдану қауіпсіздігі, заңды жауапкершілік мәселелерін реттеуді талап етеді.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, құқықтық реттеу, цифрлық технологиялар, цифрландыру, зияткерлік жүйелер.

* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: rauка8@mail.ru.

Кіріспе

Бүгінгі күнде жасанды интеллект қоғам өмірінің әртүрлі салаларына белсенді түрде енгізілуде: бухгалтерлік есеп жүйесінде, ақылды қалалар салу жүйесінде, денсаулық сақтау саласында науқастардың диагнозын болжау кезінде, бірнеше заң қызметтерін көрсету кезінде (шарттардың, талаптардың және басқа құжаттардың жобаларын жасау), тұлғаны тану технологиясын қолдана отырып бейнемониторингті қолдану, биометриялық аутентификация, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану, жүргізушісіз көлікті басқару саласында қолданыла бастады.

Осыған байланысты жасанды интеллектті пайдалану мәселелері кең ауқымда мамандардың талқылау тақырыбына айналды.

Жасанды интеллекттің мәртебесін анықтау және оны пайдалану мәселесі әлемнің көптеген мемлекеттерінің маңызды міндеттерінің бірі болып келеді. Әлемдік тәжірибелерде әр түрлі елдерде жасанды интеллектіні құқықтық реттеуде бірқатар тәжірибе қалыптасып келе жатыр. Жасанды интеллектті құқықтық салада қарастырудан бастап, оны әртүрлі салаларда қолдану қағидаларына дейін атауға болады. Соңғы жылдары бірқатар елдер (АҚШ, ЕО-ға мүше елдер, Ресей, Қазақстан және т.б.) жасанды интеллектті құқықтық реттеуге тырысуда. Әзірге мұндай әрекеттер жалпы тәсілдер мен тұжырымдамаларды әзірлеумен немесе өмірдің жеке-леген салаларын реттеумен шектеліп қалуда.

Бүгінде отыздан астам елде, соның ішінде Қытай, Корея, Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресейде ұлттық стратегиялар жұмыс жасайды. Әр жылдары әр елде

жасанды интеллекттің дамуына байланысты жасанды интеллектті құқықтық реттеу құжаттары қабылдана бастады. Мысалы, 2017 жылы Қытайдың Жасанды интеллекттің жаңа буынын дамыту жоспарын, 2018 жылы Жалпы Канадалық жасанды интеллект стратегиясын, 2019 жылы Дания ұлттық жасанды интеллект стратегиясын атауға болады.

Қазақстан Республикасында аталған мәселелердің маңыздылығы цифрлық технологияларды дамыту саласындағы стратегиялық сипаттағы бірқатар мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда атап көрсетілген. 2018 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жасанды интеллектті дамытуға ерекше көңіл бөлініп, нақты жобалар дайындау бойынша ұсыныстар жасалды. Солардың бірі ретінде ауқымды зерттеу университеті болып табылатын Назарбаев Университетінде жасанды интеллект технологияларын жасап шығару бойынша ғылыми-зерттеу институтын құруды айтуға болады [1].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «жасанды интеллект құру жолындағы алғашқы қадам болып табылатын» нейрондық желілер технологияларын белсенді енгізу туралы айтылған. Осы стратегияны дамыту аясында құқық және сот жүйесінде цифрландыру жұмыстары жасалып, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық сот ісін жүргізу процестері электронды форматқа ауысты. Сотқа шақыру, іс материалдарымен танысу, жалпы сот процесінің қашықтан жүргізілуі және т.б. ауқымды жұмыстар автоматтандырылып, жеңілдетілді

және әлі де жетілдіріліп келеді¹.

Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллектіге баса назар аударылды. Жолдауда жасанды интеллект әлемдік прогресстің негізгі түрткісі делінген [2].

2023 жылы мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында [3] Үкімет жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс екендігіне және осы бағытта білімді кадрлар дайындау және зерттеулер ұйымдастыру қажеттілігіне тоқталған, ал 2024 жылы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында [4] «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажеттілігі және алдағы жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығын ашу туралы айтқан болатын.

«Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасында» әлемдегі жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты оны құқықтық реттеу мәселелерінің туындауы айтылған. Аталған тұжырымдамада құқықтық реттеудің екі бағыты көрсетілген: біріншісі жасанды интеллект пен робототехниканың қатынастарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілікті

анықтау болып табылса, екіншісі - жасанды интеллектінің көмегімен жасалған туындыларға зияткерлік меншік құқығы мәселелері².

2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-қимыл жоспарының негізгі іс шараларының бірі ретінде жасанды интеллектті дамыту жөніндегі Қазақстан жол картасын (стратегиялық пайым) әзірлеу белгіленіп³, 2024 жылдың 24 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдамада ағымдағы жағдайдан бастап жасанды интеллектке қатысты барлық сұрақтар жете қарастырылған. Солардың ішіндегі ең негізгілердің бірі - жасанды интеллект саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу, яғни 2025 жылдың желтоқсанына дейін жасанды интеллект бойынша заң қабылдау көзделініп отыр.

Алайда, қазіргі таңда, осы аталған құжаттардың ешқайсысында жасанды интеллекттің анықтама-сының мазмұны ашылмаған.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау барысында салыстырмалы әдіс, тарихи құқықтық әдіс, талдау және синтез

¹ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636/links> (жүгінген күні: 15.01.2025).

² Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүгінген күні: 15.01.2025).

³ 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (жүгінген күні: 15.01.2025).

әдістері пайдаланылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа байланысты ғылыми еңбектері талданды. Бір-қатар тұжырымдамалар, құқықтық актілер зерттеліп, теориялық және жүйелік талдау әдістері қолданылды.

Мақаланы әзірлеу барысында цифрлық технологияларды дамыту саласындағы стратегиялық сипаттағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттар пайдаланылды.

Талқылау

Қазіргі кезде жасанды интеллектті құқықтық қамтамасыз ету технологиялық дамудан артта қалып келеді. Бұл құқықтық реттеу объектісінің күрделілігі мен жаңалығымен анықталады.

Жасанды интеллект ұғымының құқықтық бекітілуін қарамас бұрын аталған ұғымның теориялық жағынан қалыптасуының тарихын қарастырып өту қажет.

«Жасанды интеллект» термині (ағылш. - artificial intelligence) алғаш рет компьютерлерді өнеркәсіптік қолданудың басталуымен, өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында пайда болды. Оған дәлел ретінде А.Тьюрингің 1950 жылғы «Машина ойлай алады ма?» атты жасанды интеллект туралы мақаласын атауға болады. Мақалада машиналар адамдармен бәсекелесе алады ма, машина мен адамның арасында физикалық және ақыл-ой қабілеті бойынша қандай айырмашылықтар бар? деген талқылау жүргізілген [5].

1956 жылы Д. Маккарти (J. McCarthy) алғашқы рет «жасанды интеллект» терминін енгізген болатын. Маккартидің айтуы бойынша, «жасанды интеллект - бұл зияткерлік машиналарды, әсіресе зияткерлік компьютерлік бағдар-

ламаларды құрудың нағыз ғылымы мен техникасы. Бұл адамның интеллектісін түсіну үшін компьютерлерді қолданудың жақын міндетіне байланысты, бірақ жасанды интеллект биологиялық қатаң бақыланатын әдістермен шектелмеуі керек» [6]. Демек, Д. Маккарти жасанды интеллектті анықтауды кешенді түрде қарастырған, яғни ғылым мен техниканың қосындысы ретінде түсінген.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынатын көптеген ғылыми еңбектер бар. Кейбір авторлардың түсіндірмесі бойынша, жасанды интеллект адам жұмыс жасаған іспетті зияткерлік қабілеттерді қолдана алатын машина болып табылады [7, с. 17], басқалары - шешім қабылдау, есептерді шешу, оқыту сияқты әрекеттерді автоматтандыру ұғымы арқылы береді [8].

Мәселен, ресейлік зерттеуші А.Б. Шилейко жасанды интеллектіні төмендегідей жіктеген:

1) егер машина ақылға сыйымды бір қызметті дұрыс модельдеп орындаса, ол жасанды интеллект болып анықталады;

2) егер ол зияткерлік тіршілік иесі орындайтын қызметтердің кем дегенде біреуін орындай алатын болса, ол жасанды интеллект болып анықталады [9, с. 4-5].

Кейбір авторлар жасанды интеллектті жүйе ретінде қарастырады, сонымен қатар жасанды интеллект жүйе ретінде шетел мемлекеттерінің құқықтық актілерінде бекітілген.

Л.С. Болотова «жасанды интеллектті» адамның интеллектіне еліктеуге қабілетті кейбір жасанды (компьютерлік) жүйе ретінде түсіндіреді, яғни оның ақпарат пен білімді алу, өңдеу, сақтау және

олардың үстінде ойлау деп аталатын әртүрлі әрекеттерді орындау қабілеті болып табылады [10, с. 31].

Д.В. Смолин «жасанды интеллект» ұғымының келесі үш анықтамасын келтіреді:

- ол өзінің жұмыс істеу параметрлерін және мінез-құлқын арнайы түрде өзгерте алатын мүмкіндіктері бар жүйе;

- адамның ақыл-ойы мен мінез-құлқын компьютерлік түрде модельдейтін жүйе;

- адаммен мағыналы түрде диалог жүргізу арқылы зияткерлік мүмкіндіктерді (адамның шешімдерін әзірлеу және қабылдау бойынша) және тиісті адам әрекетін күшейтуге мүмкіндік беретін жүйе (өзін-өзі оқыту құралы) [11, с. 15-17]. «Осы саланың белсендісі» деп танылған белгілі зерттеуші П.М. Морхат былай деген, «жасанды интеллект болып толық немесе ішінара өзін-өзі ұйымдастыратын компьютерлік аппараттық-бағдарламалық виртуалды немесе киберфизикалық, оның ішінде биокибернетикалық қабілеттері мен мүмкіндіктері бар жүйе табылады. Ол төмендегідей қызметтерді атқара алады:

- үлгілерді, символдық жүйелер мен тілдерді тану, болжау, модельдеу, бейнелі түрде ойлау, талдау және бағалау;

- өзін-өзі көрсету, өзін-өзі реттеу, өзгермелі жағдайларға өзін-өзі бейімдеу, өзін-өзі шектеу;

- генетикалық іздеу, ақпаратпен тәжірибені жинақтау, оқыту, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі зерттеу алгоритмдерін әзірлеу және өз бетінше пайдалану;

- өз бетінше тестілеу үшін тесттерді өзі әзірлеу, тестілеуді өз бетінше жүргізу;

- ақылға қонымды тәуелсіз шешімдер қабылдау және есептер

мен мәселелерді шешу» [12, с. 69].

П.М. Морхат жасанды интеллект ұғымын адам тәрізді интеллектісі бар компьютерлік немесе киберфизикалық жүйелер ретінде қабылдайды. Ол келесілерді жасанды интеллекттің негізгі бөлшектері деп қарастырған, олар жасанды интеллекттің жүйесі, объектісі, жабдықтары және агенті іспетті бөлшектері. Зерттеушінің айтуынша олар - «машиналық ақыл», «машиналық интеллект», «ақылға қонымды машина» және «ойлау машинасы» [12, с. 7]. Сонымен бірге П.М. Морхат екі терминді «әлсіз жасанды интеллект» және «күшті жасанды интеллект» деп бөліп қарастырған. Әлсіз жасанды интеллект жеке мәселелерді шешуге арналған ақылды машина ретінде түсініледі (мысалы, кинофильмдерге сценарий жасау), ал күшті жасанды интеллект көптеген мәселелерді шешу үшін қолданылады [12, с. 43-44].

Қытай ғалымдарының пікіріне сәйкес, «жасанды интеллект – бұл енгізілген ақпараттың белгілі бір көлеміне негізделе отырып, автономды түрде оқып-үйренуге, шешім қабылдауға және тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін алгоритмдер немесе машиналар» [13]. Келесі ғалымдардың тұжырымдары бойынша жасанды интеллект мамандандырылған және жалпы деп жіктеледі. «Мамандандырылған жасанды интеллект, сондай-ақ «тар ЖИ» немесе «әлсіз ЖИ» ретінде белгілі, ол бір тапсырманы орындау үшін бағдарламаланған жасанды интеллект түріне жатады. Ол белгілі бір деректер жиынтығынан ақпарат алады және жобаланған тапсырмаларсыз жұмыс жасай алмайды. Мамандандырылған жа-

санды интеллект өзінің күшті функционалдылығымен, бірақ өзара әрекеттесуінің нашарлығымен сипатталады. Жалпы жасанды интеллект, сондай-ақ «күшті ЖИ», «толық ЖИ» немесе «терең ЖИ» ретінде белгілі, ол үйренуге, пайымдауға, мәселелерді шешуге және адам сияқты жаңа орталарда бейімделуге мүмкіндік беретін жалпы адамға ұқсас ақыл ойға ие. Жалпы жасанды интеллект арнайы кодталған білім мен қолдану салаларын қажет етпей көптеген мәселелерді шеше алатын қабілетке ие» [14].

Жасанды интеллект анықтама-сына байланысты пікірлердің көптігіне қарамастан оны жоққа шығаратын ғалымдар да кездеседі. Солардың бірі Д. Люк (J. Luc). Ол өзінің «Жасанды интеллект жоқ» деген еңбегінде интеллект туралы дұрыс анықтамалар жоқ деп жазады. Ол алгоритмдер адамдар сияқты саналы және ұтымды шешімдер қабылдай алады деген болжаммен келіспейді. Оның ойынша бұл қате тұжырым және осы сияқты тұжырымдар жасанды интеллект туралы «Матрица» немесе «Терминатор» сияқты голливудтық фантастикалық танымдарға жол береді. Адами интеллектті анықтау және толығымен түсіну қиын. Ол мәліметтерді ұтымды талдауға қарағанда әлдеқайда кең, өйткені ол адам ағзасының басқа да қызметтерімен тығыз байланысты болады. Ғалымның айтуынша «Жасанды интеллект» тек атау, яғни бренд ретінде тиімді болды» [15].

Жасанды интеллект ұғымының заңды түрде бекітілуіне тоқталатын болсақ, әлемде ортақ терминнің

қалыптаспағанын байқауға болады. Жасанды интеллект ұғымын құқықтық бекіту немесе оны қолдануды құқықтық реттеу, сонымен қатар, осы саладағы НҚА-ны әзірлеудегі қиындықтар көбінесе осы салада бірыңғай халықаралық актінің болмауымен байланыстырылады. Жасанды интеллектті реттеу шаралары әр елде әртүрлі және олардың құқықтық қатынастарды реттеу деңгейі мен ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, Қытай жасанды интеллект саласындағы бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды дайындаса, АҚШ жасанды интеллект саласындағы зерттеулердің стратегиялық жоспарларын қабылдады. Ал басқа елдер осы саладағы қатынастарды реттеу бойынша нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды жасады [16, с. 71].

Бірқатар мемлекеттердің заңнамасында мемлекеттің технологияларды әзірлеуге, өндіруге, таратуға және пайдалануға ықпал ету және бақылауға байланысты міндеттері бекітілген. АҚШ, Жапония, Қытай, Корея, Ұлыбританияда жасанды интеллектті дамыту бойынша шаралар қабылдап, оның тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізуде. 2017 жылы ЕО Парламенті 2015/2103(INL) Civil Law Rules on Robotics⁴ қарарын қабылдады, онда «келтірілген зиян үшін жауапкершілікті реттеу» тәсілдері белгіленген, еуропалық «ақылды» роботтарды тіркеу жүйесін құру және «жасанды интеллект роботтарына электронды тұлға мәртебесін беру» ұсынылды⁵. Ресейлік сарапшылар атап өткендей,

⁴ Report with recommendations to the Commission on Civil Law Rules on Robotics 27.01.2017 // URL: https://www.europarl.europa.eu/doceo/document/A-8-2017-0005_EN.html?redirect (date of reference 15.01.2025).

⁵ Этика и «цифра»: этические проблемы цифровых технологий. Аналитический доклад. Центр подготовки руководителей цифровой трансформации сформирован на базе Высшей школы

«соңғы 2,5 жылда Еуропада деректер айналымын қатаң реттеу бар»⁶. Ресейде жасанды интеллект ұғымы алғаш рет Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығымен бекітілген «2030 жылға дейінгі кезеңге арналған жасанды интеллектті дамытудың Ұлттық стратегиясы» құжатында ресми түрде қарастырылған. Осы құжатта жасанды интеллект технологиялық шешімдер кешені ретінде беріледі.⁷ Кейбір елдерде жасанды интеллект жүйелерінің нақты түрлеріне арналған актілер қабылданды, олар ең алдымен қаржы саласында, денсаулық сақтау саласында, көлік саласында, «ақылды» қала жобаларын іске асыруда қолданылады.

Демек, жасанды интеллектті халықаралық-құқықтық реттеу саласын талдай келе мына жағдайларды бөліп көрсете аламыз. Әр ел өзінің басымдығы мен ыңғайына қарай жасанды интеллектті реттеу бойынша құқықтық құжаттар дайындады. Бұл халықаралық стандарттар мен ережелерді дайындау бойынша кедергілер келтіруі мүмкін, әсіресе ортақ этикалық қағидаларды дайындау процесінде қиындықтар туындауы мүмкін. Сонымен қатар, құқық шығармашылығымен айналысатын заңгерлердің бұл салада жеткілікті техникалық білімінің болмауы аталған ережелер мен стандарттарды әзірлеуге кедергі келтіруі мүмкін. Жасанды интеллектті реттеудегі тағы бір қиындық ретінде геосаяси және

экономикалық халықаралық ынтымақтастық мәселелерін де атауға болады [17, с. 74].

«Жасанды интеллект» анықтамасын қалыптастырмай және бекітпей оны құқықтық реттеу мүмкін емес екендігі анық. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы «заңнамалық актілер өзектілігін тез жоғалтуға» әкеп соғады. Сондықтан «оны әзірлеу кезінде технологияны қолданудың нақты жағдайларын емес, тіпті келесі буын технологияларына да қолдануға болатын негізгі қағидалар мен стандарттарды тағайындау маңызды болады» [18, с. 2].

2024 жылдың 21 мамырында Еуропалық одақ Кеңесі «Жасанды интеллект туралы» алғашқы құқықтық актіні бекітті. Аталған заң 2026 жылдың тамыз айында күшіне енеді. Жасанды интеллект туралы жаңа заң жасанды интеллект (ЖИ) жүйесінің анықтамасын бекітеді, яғни: ««ЖИ жүйесі» автономияның әртүрлі деңгейлерімен жұмыс істеуге арналған және орналастырудан кейін бейімделуді көрсете алатын және физикалық немесе виртуалды ортаға әсер етуі мүмкін болжамдар, ұсыныстар немесе шешімдер сияқты шығыс мәліметтерді қалай жасау керектігі туралы алынған кіріс мәліметтер негізінде айқын немесе жасырын мақсаттар үшін қорытынды жасайтын машина жүйесін білдіреді»⁸. Демек, жасанды интеллектке машина жүйесі деген түсінік берілген. Ал, Корея Республикасы адамдардың зият-

государственного управления РАНХиГС // URL: <https://ethics.cdto.center/> (дата обращения: 15.01.2025).

⁶ Конференция по искусственному интеллекту «Искусственный интеллект - главная технология XXI века». 4 декабря 2020 года // URL: <http://www.kremlin.ru/events/president/news/64545>. (дата обращения: 15.01.2025).

⁷ Национальная стратегия развития искусственного интеллекта на период до 2030 года. Утв. Указом Президента Российской Федерации от 10.10 2019 г // СЗ РФ. - 2019. - № 41. - Ст. 5700. (дата обращения: 15.01.2025).

⁸ The final text of the AI Act (Regulation (EU) 2024/1689) // URL: [https://www.artificial-intelligence-act.com/Artificial_Intelligence_Act_Articles_\(Final_Text\).html](https://www.artificial-intelligence-act.com/Artificial_Intelligence_Act_Articles_(Final_Text).html) (date of reference: 15.01.2025).

керлік мүмкіндіктерінің электронды жүзеге асуын жасанды интеллект деп түсіндіреді. Корея Республикасы Еуропалық Одақтан кейін жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылдаған алғашқы елдердің бірі. «Жасанды интеллектті дамыту және сенім қорын құру туралы» заң 2026 жылдың қаңтар айында заңды күшіне енеді. Заңнама жасанды интеллектті оқытуды, пайымдауды, қабылдауды және талқылауды қамтитын «адамдардың зияткерлік мүмкіндіктерін электронды түрде жүзеге асыру» құралы ретінде анықтайды. Жоғары тиімді жасанды интеллект адам өміріне, қауіпсіздігіне немесе денсалық сақтау, жалға алу, несиені тексеру немесе биометриялық талдауды қолданатын жасанды интеллект сияқты негізгі құқықтарға айтарлықтай әсер ететін жүйелер ретінде белгіленеді [19].

Жоғарыда атап өткендей, Ресей Федерациясының жасанды интеллект туралы стратегиясында жасанды интеллект технологиялық шешімдер кешені ретінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасы да жасанды интеллект туралы заң қабылдау жолында белсенді әрекеттер жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасындағы жасанды интеллектті құқықтық реттеу мәселесін қарастырғанда, «жасанды интеллект» термині заң актілерінде қолданылғанымен, оған жеке анықтама берілмегені байқалады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен⁹ «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына¹⁰ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Қабылданған өзгерістер бойынша аталған заңда «зияткерлік робот», «ұлттық жасанды интеллект платформасы», «ұлттық жасанды интеллект платформасының операторы» деген жаңа ұғымдар бекітілді. Осы Заңға сәйкес, «зияткерлік робот» - «сыртқы орта әрекеттерін тану арқылы, белгілі бір әрекет жасауға немесе жасамауға бағытталған автоматтандырылған құрылғы» болып табылады (1-баптың 43-1-тармағы). Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдана отырып, қызметтер көрсету үшін жасанды интеллектпен деректер жиынтығын жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға арналған, қызметтер көрсетуге арналған технологиялық платформа – «ұлттық жасанды интеллект платформасы» ұғымы бекітілді («Ақпараттандыру туралы» Заңның 1-бабының 54-тармағы). Жасанды интеллект ұлттық платформасының дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жасанды интеллект ұлттық платформасының операторы болып табылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады. Оның негізгі міндеттеріне ұлттық жасанды интеллект платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және осы платформа негізінде жасанды интеллект саласында қызметтер

⁹ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 маусымдағы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000347> (жүгінген күні: 16.01.2025).

¹⁰ Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (жүгінген күні: 16.01.2025).

көрсету жатады¹¹.

Мемлекет басшысы Digital Bridge 2023 форумында заман ағымына ілесу үшін жасанды интеллектті дамыту үшін барлық күш-жігерді салып, құқықтық реттеу қажеттілігін атап өтті¹².

Жасанды интеллект саласындағы сарапшылармен кездесу барысында мемлекет басшысы Қазақстанда жасанды интеллектті ілгерілетуге берік негіз құру үшін елеулі қадамдар жасалып жатқандығы туралы айтты. Соның ішінде, институционалдық құрылым аясында жасанды интеллект бойынша Халықаралық консультациялық кеңес құрылатыны және ол Президент басшылығымен жұмыс істейтінін атап өтті¹³.

Құқық жүйесінде «жасанды интеллект» ұғымын нақтылау мен оның құқықтық мәртебесін анықтауға бағытталған маңызды қадам болып Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» табылады¹⁴. Тұжырымдамада заңнамалық базаны жетілдіру қажеттілігі нақты көрсетілген. Бұл:

- жасанды интеллектті құқықтық реттеу механизмдерін қалыптастыру;
- ЖИ шешімдерінің заң алдындағы жауапкершілігін анықтау;
- дербес деректер мен адам құқықтарын қорғау мәселелерін қамту;

– халықаралық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ету секілді бағыттарды қамтиды.

Тұжырымдамада Әділет министрлігіне тиісті заңнамаларды дайындау және құқықтық орта қалыптастыру бойынша нақты тапсырмалар берілген.

Тұжырымдаманы жүзеге асырудың қадамы ретінде наурыз айының басында «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінде таныстырылғандығын атасақ болады. Аталған заң жобасында «жасанды интеллект» түсінігі нақты анықталған. Бұл анықтама заң жобасының 1-бабында келтірілген: «Жасанды интеллект - адам қызметін имитациялайтын, деректерді өңдеу, үйрену, шешім қабылдау және әрекет ету қабілетіне ие ақпараттық жүйелер мен алгоритмдердің жиынтығы».

Берілген анықтама жасанды интеллект жүйелерінің мынадай негізгі сипаттамаларын қамтиды:

адам қызметін имитациялау: жасанды интеллект жүйелері адамның ойлау және әрекет ету қабілеттерін модельдейді;

деректерді өңдеу: үлкен көлемдегі деректерді талдау және өңдеу арқылы ақпарат алу;

үйрену: алгоритмдер деректерден үйрену арқылы өздігінен дамиды;

шешім қабылдау және әрекет ету: алынған ақпарат негізінде шешімдер қабылдап, әрекеттер жасау.

¹¹ Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРПЗ // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (жүгінген күні: 16.01.2025).

¹² Мемлекет басшысы Digital Bridge 2023 халықаралық форумына қатысты // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-digital-bridge-2023-halykaralyk-forumyna-katysty-1294420>. (жүгінген күні: 15.01.2025).

¹³ Касым-Жомарт Токаев заявил о создании Международного совета по ИИ // URL: <https://profit.kz/news/68733/Kasim-Zhomart-Tokayev-zayavil-o-sozdanii-Mezhdunarodnogo-soveta-po-II/> (жүгінген күні: 16.01.2025).

¹⁴ Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (жүгінген күні: 16.03.2025).

Демек арнайы заң жобасында жасанды интеллект ақпараттық жүйелер мен алгоритмдердің жүйесі ретінде белгіленген.

Нәтижелер

Құқықтық және арнайы әдебиеттердегі жасанды интеллектті анықтаудың тұжырымдамалық тәсілдеріне жүргізілген талдау қазіргі уақытта жасанды интеллект ұғымын анықтайтын әртүрлі ғылыми көзқарастардың жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Алайда осыған қарамастан, «жасанды интеллект» ұғымының әмбебап анықтамасы әлі әзірленбеген. Бұл мәселені шешудің қиындығы сол, арнайы және құқықтық әдебиеттерде оны түсіну бойынша пікірлердің бірлігі жоқ. Сонымен қатар, «жасанды интеллект» ұғымымен біріктірілген сұрақтардың ауқымы өте кең және анық емес [20, с. 5]. Осы дефиницияның анықтамасын әзірлеу үшін жоғарыда аталған позициялардың әрқайсысы түбегейлі түсінуді қажет етеді деп санаймыз.

Ғылымда жасанды интеллект «адамдар өздерінің интеллектісі арқылы шешетін», «зияткерлік мәселелерді шешуге арналған жүйелер» деп түсініледі. Бірқатар авторлардың пікірлері бойынша: «Жасанды интеллект ол – адам тәрізді әрекет ете алатын жүйе, ол – адам ақыл-ойының қасиетін иеленген бір жүйе. Ол адамның зияткерлік қабілеттерінен де асып түсетін жүйе болып табылады. Ол адамның ойлауын модельдеу үшін жүйелерді (құрылғыларды) пайдалану мүмкіндігін зерттейтін ғылыми бағыт болып табылады» [21].

А.Д. Иоселиани «интеллект» ұғы-

мын «зияткерлік міндеттерді шешудің белгілі бір алгоритмінің болмауы шартына қарамастан олардың шешімін таба алатын қабілет» ретінде түсіндіруді ұсынады [22, с. 102]. Алайда, алгоритм жасалғаннан кейін, осы алгоритмді басшылыққа ала отырып, оның мән-мағынасы туралы түсінігі жоқ компьютер немесе робот дәл осы тапсырмаларды орындай алады. Бұл тұрғыда зерттеушілер жасанды интеллект бойынша жүргізілетін зерттеулер алдымен адамның ойлау қабілеттерін талдауға бағытталатынын, әрі сол зерттеулердің нәтижелері зияткерлік жүйелер мен бағдарламаларды құруда негіз болатынын атап өтеді¹⁵.

Түсіндірме сөздікте «жасанды интеллект адамның құзіретіндегі шығармашылық қызметтерді орындай алатын зияткерлік жүйелердің қасиеті», - деп көрсетілген [22]. Яғни «интеллекттік жүйе, осы жүйенің жадында сақталатын білімге сүйене отырып, әдетте шығармашылық болар саналатын, белгілі пәндік салаға қатысы бар міндеттерді шешуге қабілетті» [23, с. 23].

Зерттеуші А.В. Минбалеев жасанды интеллекттің құқықтық анықтамасына байланысты келесідей ойын білдірген. Ол жасанды интеллект диалектикалық даму мен жалпы логикалық әдістер негізінде құрылуы керек деген. Демек, жасанды интеллектті ақпараттық жүйелер мен цифрлық технологиялар жиынтығы ретінде қарайтын болсақ, жасанды интеллект туралы заңнаманы дамытып қана қоймай, ақпараттық технологиялар туралы жалпы заңнаманы жетілдіріп, сонымен қатар

¹⁵ Что такое искусственный интеллект? // URL: <https://neuronus.com/stat/1258-chto-takoe-iskusstvennyj-intellekt.html>. (дата обращения: 16.01.2025).

цифрлық технологиялар саласындағы анықтамалық аппаратты қалыптастыру керек [24, с. 1099] деген пікірмен келісеміз. Қорытындылай келе, А.В. Минбалееттің көзқарасы бойынша, жасанды интеллект адамның интеллектісі деңгейінде, әртүрлі жүйелер негізінде мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялар, соның ішінде цифрлық технологиялардың жиынтығын білдіреді [24, с. 1099].

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, «жасанды интеллект» термині категория болуға сәйкес келмейді, оның мәні мен мағынасы оған сәйкес барлық белгілерді сипаттай алмайды. Сонымен қатар, жалпы логика заңдарына және жекелеген заң техникасының ережелеріне сәйкес, жасанды интеллект терминіне бірнеше түсіндірмелер бермей, басқаша айтқанда жеке категорияға бөлмей ерекше мән ретінде қарастыру керек. Осы логика бойынша, автордың пікірінше, «зияткерлік бағдарламалық қамтамасыз ету» категориясын бөліп шығару дұрысырақ болар еді. Бұл терминді автор, қойылған мақсатқа жетуге бағытталған, алынған нәтижелердің негізінде тәуелсіз шешім қабылдау және деректерді талдау мен өңдеуге қабілеті бар бағдарламалар, шаралар, ережелер мен ақпаратты өңдеу жүйесінің сәйкес құжаттамасының жиынтығы ретінде түсінуді ұсынады [25, р. 618].

Осы анықтамаларға сүйене отырып, жасанды интеллектке тән белгілерді атасақ болады, ол:

- тек адам айналысатын кез келген шығармашылық міндеттерді талдап шешуге бағытталған;
- адамнан тәуелсіз түрде әртүрлі материалдық объектілерді

құруға қабілетті.

